

1-БЛОК: Бейнелеу өнері

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Затқа қарап сурет салу кезеңдерінің саны
А) бірнеше
В) бір
С) екі
D) төрт
E) үш
2. Суретші В.Ватагиннің «Аңдар» шығармасы жанрға жатады:
А) Мультипликация
В) Натюрморт
С) Маринист
D) Анималист
E) Мифология
3. « Проекция » сөзі мәтін тілінен аударғанда
А) «Қойылымдылық, мөлшерлестік»
В) «Байланыстылық, мөлшерлестік»
С) «Қиылыстыру, байланыс»
D) «Сәйкестік, мөлшерлестік»
E) «Байланыстылық, мөлшерлестік»
4. Заттың өзіне ғана тән түсін айқындау
А) фактура
В) рефлекс
С) фон
D) глазурь
E) түстік рең
5. Нәрсе бөліктерінің шама жағынан өзара қатынасын анықтау
А) конструкция
В) пропорция
С) композиция
D) талдау
E) үйлестіру

6. Нәрсенің біріктірілген ұсақ, жеке бөлшектерінің біртұтас, бүтін болып көрінуін қамтамасыз ету:

- A) перспектива
- B) компоновка
- C) акцент
- D) композиция
- E) үйлестіру заңдылығы

7. Көркем шығарма бөліктерінің орналасуы мен олардың бірлігінің аталуы

- A) композиция
- B) асимметрия
- C) перспектива
- D) симметрия
- E) пропорция

8. Суретшінің көз деңгейі:

- A) шығу нүктесі
- B) бақылаушы өлшемі
- C) көкжиек сызығы
- D) көру деңгейі
- E) картина жазықтығы

9. Көз деңгейіндегі сызықтың аты

- A) көкжиек сызығы
- B) көру деңгейі
- C) горизонталь
- D) картина жазықтығы
- E) шығу нүктесі

10. Заттар қашықтаған сайын бояу түстері өзгеріске түсетін перспектива түрі

- A) бұрыштық
- B) жарық пен көлеңке
- C) сызықтық
- D) фронтальдық
- E) кеңістік

11. Сызықтық перспективада салынған суретке параллель сызықтардың атауы

- A) бұйым жазықтығы
- B) фронталь сызықтар
- C) көкжиек сызығы
- D) көмекші сызықтар
- E) контурлық сызықтар

12. «perspicio» мағынасы:

- A) алыстан көру
- B) түстерді айыру
- C) арғы-бергі жақты айқын көру
- D) Құрастыру
- E) жақыннан көру

13. Арнайы металл бетіне сурет салу

- A) силуэт
- B) оттиск
- C) резерваж
- D) рельеф
- E) штрих

14. Адамның бас сүйегінің жалпы саны

- A) 30
- B) 26
- C) 23
- D) 20
- E) 29

15. Живопись туындысы немесе көркем шығарма:

- A) гобелен
- B) картина
- C) икона
- D) батик
- E) панно

16. Гобелен ұғымы

- A) керіп салу, тоқу
- B) бедерлеу, сурет салу
- C) қолдан тоқылған кілем сурет
- D) көлемді шығармалардың суретін салу
- E) мата бетіне тоқып салу

17. Ахроматикалық түстер

- A) негізгі
- B) түстік рең
- C) түссіз
- D) қосымша
- E) жылы және суық

18. Түстердің бір-бірімен дұрыс үйлестірілуі

- A) палитра
- B) шағылысу
- C) фон
- D) түстік рең
- E) үйлесімділік

19. Кеуделік мүсіннің аталуы

- A) монумент
- B) статуя
- C) бюст
- D) рельеф
- E) горельеф

20. Көп тұлғалық композициялық мүсін:

- A) Бір адам
- B) Бюст
- C) Адам денесі
- D) Статуя
- E) Бірнеше адам

21. Классицизм стилі қай кезеңде дамыды

- A) XVII-XIX ғғ
- B) X-XIII ғғ
- C) XVI-XVIII ғғ
- D) XII-XIII ғғ
- E) XVIII ғғ

22. Сәулет өнерінің театр, стадион салумен айналысатын типі

- A) тұрғын үйлер
- B) кәсіби
- C) қоғамдық
- D) тұрмыстық
- E) шаруашылық

23. Собор құрылыстары діни бастаманы айқындай түскен орта ғасырлық стиль

- A) Рококо стилі
- B) Модерн стилі
- C) Роман стилі
- D) Борокко стилі
- E) Готика стилі

24. Түркістан қаласындағы көне сәулет ескерткішінің аты

- A) Жошы хан
- B) Қарахан
- C) Бабаша хатун
- D) Айша бибі
- E) Қожа Ахмет Йасауи

25. Смольта мен асыл шынының түрлі түсті сынықтарынан құрастырылған сурет

- A) мазайка
- B) миниатюра
- C) панно
- D) виртаж
- E) фреска

26. Акведуктер, көпір, бөгеттер және т.б.

- A) тасымал құралдары
- B) өнеркәсіптік
- C) тұрғын-жай
- D) қоғамдық
- E) инженерлік-құрылыстық

27. «Әлемнің жеті кереметі» Семирамиданың аспалы бағы орналасқан ежелгі қала?

- A) Бағдат
- B) Каир
- C) Афины
- D) Вавилон
- E) Рим

28. Мектептер салатын сәулет өнерінің типі

- A) қоғамдық
- B) шаруашылық
- C) тұрмыстық
- D) ойын-сауық
- E) кәсіби

29. Ағаштан, тастан бұйым жасайтын сәндік қолданбалы өнер түрі

- A) фарфор
- B) көркем оймыш
- C) фаянс
- D) майолика
- E) терракота

30. Орыс халқының ағаштан жасалған ойыншықтары мен мүсіндерінің атауы
- A) гжель
 - B) вятка
 - C) барыня
 - D) богород
 - E) дымков
31. Қазақ халқының теріден жасалатын ыдысы
- A) торсық
 - B) тостаған
 - C) кесе
 - D) бақыр
 - E) тегене
32. Қазақстандағы ұлттық ою-өрнектермен әшекейленген ыдыс-аяқтар дайындайтын қала
- A) Тараз
 - B) Алматы
 - C) Арқалық
 - D) Қапшағай
 - E) Көкшетау
33. Ұлттық киімдер тігетін шебер
- A) зергер
 - B) ісмер
 - C) модельер
 - D) шебер
 - E) дизайнер
34. Әлібай және Сәуле Бапановтардың «Саяхаттау» атты композициясы...
- A) Плакат
 - B) Мүсін
 - C) Гобелен
 - D) Графикалық сурет
 - E) Тарихи жанр
35. Сақ тайпаларының «Нүктелі техника» әдісін бейнелеуде пайдалану орны
- A) Ат әбзелдерін
 - B) Қару жарақты
 - C) Аспан, жерді
 - D) Тау, суды
 - E) Аңшылықты

36. Қазақ халқында қара түс _____ символдық мәні

- A) аспанның
- B) ақыл-парасаттың
- C) оттың
- D) жердің
- E) көктемнің

37. Ұйғыр халқының ою-өрнектерінің ерекшеліктері

- A) құстарға байланысты
- B) геометриялық
- C) космогониялық
- D) жануар тектес
- E) көкөніске байланысты

38. Матадан, кигізден, теріден жасалған материалдарды құрастырып астарға жапсыру

- A) коллаж
- B) икебано
- C) аппликация
- D) батик
- E) гобелен

39. Дизайн өнеріне жатпайтын топ

- A) астральдық
- B) жарнамалық
- C) графикалық
- D) интерьерлік
- E) компьютерлік

40. Қазақстанда дизайн одағының шығармашылық ұйымы құрылған жыл

- A) 1987ж
- B) 1928ж
- C) 1985ж
- D) 2000ж
- E) 1962ж

41. Заттардың көркем конструкциясын, заттық ортаның біртұтас рационалды құралуын білдіретін термин, көркемдік жобалау жұмысының бір түрі:

- A) декорация
- B) кескіндеме
- C) арабеска
- D) дизайн
- E) архитектура

42. XX ғ. пайда болған бейнелеу өнерінің жаңа түрі

- A) дизайн
- B) мүсін
- C) кескіндеме
- D) графика
- E) сәулет

43. ТМД елдеріне дизайн өнері қашан ене бастады

- A) 1930 ж.
- B) 1962 ж.
- C) 1996 ж.
- D) 1935 ж.
- E) 1990 ж.

44. XIX-XX ғғ. пайда болған жаңа бағыт-постимпрессионизмнің өкілдерін табыңыз:

- A) П.Пикассо
- B) Э.Деге
- C) К.Моне
- D) Ван-Гог
- E) О.Ренуар

45. Артемиданың ғибадатханасы салынған:

- A) мәрмәрдан
- B) бетоннан
- C) граниттен
- D) қарағайдан
- E) қашалған тастан

46. «Дизайн» жаңа термин, жаңа ұғымы XX ғасырдың қай жылдарында пайда болды:

- A) 50 жж
- B) 90 жж
- C) 60 жж
- D) 70 жж
- E) 80 жж

47. Әр түрлі заттар мен бұйымдарға эмблемалар жасайтын дизайн түрі

- A) жиһаздық
- B) киім үлгілеу
- C) графикалық
- D) этикеткалық
- E) интерьерлік

48. Асимметрия ұғымы

- A) Қозғалыстың үйлесім, қимылдық іс-әрекет
- B) Бояу үйлесімділігі
- C) Композициялық үйлесімділіктің сәтті шығуы
- D) Екі нәрсенің бірін –бірі қайталамауындағы үйлесімділік
- E) Ырғақты үйлесімділік

49. Дизайн өнері алғаш пайда болған ел

- A) Испания
- B) Англия
- C) АҚШ
- D) Италия
- E) Франция

50.



Осы стиль 1925 жылы Парижде өткен қазіргі сәндік және өнеркәсіп өнерінің халықаралық көрмесінен бастау алғанын. Ерекшеліктері - қатаң үлгісі, этникалық геометриялық өрнектер, сәнді, қымбат, заманауи материалдар (піл сүйегі, қолтырауын былғарысы, алюминий, сирек орман ағашы, күміс). Десо Египет және Африка өнер мәнерлерін, сондай-ақ американдық және үнді экзотикалық араластырады. Аталуы:

- A) Готика
- B) Амбир
- C) Арт-Деко
- D) Модерн
- E) Барокко

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. XIX-XX ғғ. Француз живописіндегі жаңа бағыттың атауы

- A) авангардизм
- B) абстракционизм
- C) постимпрессионизм
- D) импрессионизм
- E) реализм
- F) модернизм

52. «Екеу» атты көркем кестені орындаған Монғолиядан келген қазақ суретшісі

- A) З.Мұхамеджанұлы
- B) А.Иханова
- C) И.Ярема
- D) А. Баутығалиев
- E) С.Бапанова
- F) Ж. Үмбетов

53. Мүсіндеудің барлық жағынан қарауға болатын мүсіні

- A) барельеф
- B) жұмыр
- C) көлемді
- D) гармония
- E) рефлекс
- F) рельеф

54. Графика түрлері

- A) литография
- B) пейзаж
- C) линогравюра
- D) натюрморт
- E) ксилография
- F) офорт

55. «Кісен ашқан», «Құрманғазы» картиналарының авторы

- A) А.Ғалымбаева
- B) Ә.Қастеев
- C) Е.Сидоркин
- D) С.Романов
- E) Г.Исмаилова
- F) И.Исабаев

56. «Өлі табиғат» ұғымына байланысты жанр

- A) пейзаж
- B) мүсін
- C) живопись
- D) натюрморт
- E) портрет
- F) бюст

57. Металға жасалған гравюра

- A) офорт
- B) литография
- C) оттиск
- D) линогравюра
- E) гротеск
- F) қаңылтырға

58. Сурет салуда лезде орындауды қажет ететін тәсіл

- A) мүсіндеу
- B) нобай
- C) академиялық
- D) штрихтау
- E) қысқа мерзімді долбар

59. Әктелген сыз қабырғаға бояумен салынатын сурет

- A) фреска
- B) Декор
- C) декорация
- D) миниатюра
- E) витраж
- F) панно

60. Суретті тақтай және металл арқылы көбейту әдісі бұл

- A) линогравюра
- B) қолданбалы графика
- C) гравюра
- D) литография
- E) оттиск
- F) штрих-пунктир

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



До­лы толқынын аспанға атқан теңіз ке­мені сан бөлікке бөлшектеп күйретеді. Жасыл-көк толқынның арасында тек бірнеше адамның жан ұшырып тірі жүргенін көруге болады. Олар кемеден қалған қирандыларға жабысып, ең қорқынышты зардапты күтуде. Қалың бұлт арасынан күн сәулесі найзағайдай жарқырап көрініп тұр. Бар үміт осы жаратылыста. Ол үмігін үзген жандарға қатыгез теңізді жеңуге көмектеседі.

Әйгілі орыс суретшісі И.Айвазовскийдің «Тоғызыншы толқын» суреті Жапон елінде көрмеде болғанда халық сурет алдында ұзақ тұрып үнсіз жылаған екен. Судағылардың халін сезінгендері сонша солармен бірге суға батып кетердей болғанын айтады. Көрермендерді қандай сезім баурады?

61. Суретші теңіз көрінісі арқылы жеткізгісі келген ойы

- A) Теңіздің күштілігін
- B) Ғажап сұлулығын
- C) Әдемілігін
- D) Өмір үшін күресті
- E) Қайсарлықты

62. Суретті көргендегі сезім

- A) Қуаныш сезімі
- B) Күдік
- C) Қорқыныш, үрей
- D) Толғаныс
- E) Қорқыныш пен қуаныш

63. Теңіз тақырыбына салатын суретшілер

- A) Маринист
- B) Портретші
- C) Пейзажист
- D) График
- E) Кескіндемеші

64. «Тоғызыншы толқын» суреті салынған жыл

- A) 1955
- B) 1790
- C) 2000
- D) 1850
- E) 1960

65. Апатқа ұшыраған кеме

- A) Атоммен жүретін кеме
- B) Бұмен жүретін кеме
- C) Желенді қайық
- D) Желкенді кеме
- E) Механикандырылған кеме

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма



Біздің алдымызда – бір шағын селоға алып баратын сая жол. Бергі жақтағы ағаштар сонау түп жақтағы ағаштарға қарағанда әлдеқайда бойшаң. Мынау сыз жол алыс көкжиекке дейін созылып жатқандай. Көз ұшында – көне шіркеу. Ол жақын кішкентай үймен салыстырғанда көзге болар-болмас көрінеді. Бұл картинаны салған голланд суретшісі Хоббема перспектива заңдылығын өте жетік пайдалана білді ме?

66. Перспектива- қағаз бетінде _____ туралы білім

- A) көру деңгейі
- B) кеңістікті бейнелеу
- C) тұтас көру
- D) тасадағыны көру
- E) көкжиек сызығы

67. Ауа перспективасы

- A) заттардың реңдік және түстік қатынасы өзгереді
- B) ауа- райының жай күйін береді.
- C) нысан мен бейнелеу байлансты
- D) кеңістікті дәл бейнелеуге мүмкіндік беру
- E) барған сайын кішірейіп, көкжиекте түйіседі.

68. Перспективаның екінші заңдылығы

- A) өзіне қарап тұрған жағын ғана бейнелеу
- B) параллель сызықтар алыстаған сайын арасы жақындайды
- C) көз алдымыздағы болмысты сол қалпында бейнелеу
- D) тереңдікті дәл бейнелеуге мүмкіндік бермейді
- E) көкжиекте екі нүктеде тоғысып тынады

69. Көкжиек сызығының рөлі

- A) перспективалық үлкею, кішіреюін білу
- B) жазық жиек сызықтары қатарласа сызылады
- C) сызықтар арқылы бағыттау
- D) қай деңгейде тұрғанын анықтау керек
- E) бейнелейтін заттың толық пішінін анықтау

70. Хобемманың картинасындағы алыстағы шіркеу кішкентай болып көрінеді, перспектива заңдылығы

- A) зат неғұрлым алыс тұрса, соғұрлым үлкен көрінеді
- B) зат алыстаған сайын, бозғылтырақ болып көрінеді
- C) зат алыстаған сайын анық көрінеді
- D) зат неғұрлым алыс тұрса, соғұрлым кішкентай көрінеді
- E) зат неғұрлым алыс тұрса, соғұрлым өңін өзгертеді

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.г